

Қаралды:
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ
Педагогикалық кеңесінің
21 ж. «08» 01 № 4 хаттамасы

Бекітемін:
ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
«Күләш Байсейітова» атындағы
дарынды балаларға арналған
РММОМИ» РММ директоры
Абдрашев Б.Т.



Апелляциялық комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы ереже ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ (бұдан әрі – мектеп-интернат) апелляциялық комиссиясын қалыптастыру тәртібін, құрамы мен қызметін айқындайды.
- 1.2. Мектеп-интернаттың апелляциялық комиссиясы мектеп-интернатқа түсушілерге қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, түсушілердің конкурстық тыңдауларын бағалаудың даулы мәселелерін шешу және үміткерлердің түсу емтихандарында алған нәтижелерімен келіспейтін ата-аналардың (заңды өкілдердің) өтініштерін қарау мақсатында құрылады.

2. Апелляциялық комиссиясын қалыптастыру тәртібі және құрамы

- 2.1. Апелляциялық комиссия конкурстық іріктеу басталуына дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей мектеп-интернат директорының бұйрығымен қалыптастырылады, мектеп-интернаттың интернет-ресурсында орналастырылады.
- 2.2. Апелляциялық комиссия төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және хатшыдан тұратын құрамдағы мүшелерінің тақ санынан құрылады.
- 2.3. Апелляциялық комиссия өкілеттіктерінің қолдану мерзімі – 1 күнтізбелік жыл.
- 2.4. Апелляциялық комиссияның құрамына тәуелсіз сарапшылар ретінде үміткерлердің конкурстық қойылымдарын талдау үшін қажетті, музыкалық дарынды оқушыларды оқыту ерекшелігі мен кәсіби даярлау мәселелерінде құзыреттігі бар Құрманғазы атындағы ҚҰК, Алматы қаласының музыкалық білім беретін басқа да мекемелерінің мамандары, педагог-музыканттары, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.
- 2.5. Мектеп-интернаттың қабылдау комиссиясының мүшелері апелляциялық комиссияның құрамына кірмейді.

3. Апелляцияларды беру тәртібі

- 3.1. Апелляция конкурстық турлардың қорытындылары бойынша үміткерлер алған нәтижелермен келіспеген немесе конкурстық іріктеудің нақты бір кезеңінде тыңдалымның бағалауымен өз келіспеушілігін білдірген ата-аналардың (заңды өкілдердің) дәлелді жазбаша өтініші, немесе бағаның төмендеуіне әкелген, түсу тестілеуінің процедурасын бұзу туралы өтініш.

3.2. Апелляцияны үміткердің ата-анасы (заңды өкілдері) жекеленген конкурстық турлардың нәтижелері жарияланған күннен кейінгі келесі күні сағат 13.00 кешіктірмей апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке береді немесе конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша офлайн немесе онлайн форматта мектеп-интернаттың электрондық поштасына жолдайды. Ауызша өтініштер қабылданбайды.

3.3. Тапсырмалардың мазмұны мен құрылымына; мектеп-интернатқа түсушілердің тапсырмаларды орындау нұсқаулығын бұзуға, сондай-ақ тыңдалымдарда мінез-құлық қағидаларын бұзуға байланысты апелляциялар қабылданбайды.

3.4. Түсушінің өзін нашар сезінуі апелляцияға себеп болып табылмайды және қаралмайды. Үміткердің сырқаттануы туралы медициналық анықтамалар тестілеу басталуына дейін қабылдау комиссиясына ұсынылады, тапсырғаннан кейін емес.

3.5. Апелляция арнайы апелляцияларды тіркеу журналына тіркеледі және берілген күннен кейінгі келесі жұмыс күні ішінде қаралады.

3.6. Ата-аналар (заңды өкілдер) ауызша немесе жазбаша түрде апелляцияны қарау күні мен уақыты туралы хабардар етіледі, қажет болған жағдайда апелляциялық комиссияның отырысына шақырылады. Белгіленген уақытта отырысқа келмегендер үшін апелляция қайта тағайындалмайды және өткізілмейді.

4. Апелляцияларды қарау тәртібі

4.1. Апелляцияны қарау емтиханды қайта тапсыру болып табылмайды, апелляциялық комиссия үміткерлерді қайта тыңдамайды, жазбаша жұмыстарға өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

4.2. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) үміткерлердің жазбаша жұмыстарымен (мектепте оқуға дайындыққа тексеру тестілермен) танысуға құқығы бар.

4.3. Апелляция барысында комиссия бекітілген бағалау критерийлеріне сәйкес қойылған бағалардың дұрыстығын және түсу тыңдалымдары мен тестілеудің белгіленген тәртібі сақталғанын тексереді, конкурс өткізу орындарында мектеп-интернат орнатқан жүйелерден түсушілердің конкурстық тыңдалымдарының бейне және аудио жазбаларымен таныстырады, нақты берілген шағым бойынша үміткердің тыңдалым кезіндегі әрекеттерінің мазмұнын зерделейді және талдайды.

4.4. Балдар дұрыс есептелмеген немесе нәтижелері дұрыс қосылмаған жағдайда, критерийлер бойынша бағалаудың бұзылғаны анықталғанда, сондай-ақ түсу тыңдалымдарының белгіленген тәртібі сақталмаған кезде балдар өзгеруі мүмкін.

4.5. Апелляция қаралғаннан кейін апелляциялық комиссияның шешімі шығарылады, дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының келесі нысанда шешуші дауысқа құқығы бар:

- апелляцияны қанағаттандырудан бас тарту және балдарды өзгеріссіз қалдыру туралы;
- апелляцияны қанағаттандыру және емтихан балдарын өзгерту туралы.

4.6. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушінің бағалау парақтарына және конкурстық іріктеудің деректер қорына өзгерістер енгізеді.

4.7. Апелляциялық комиссияның хаттамамен рәсімделген шешімі өтініш берушілердің назарына жеткізіледі (шешіммен танысуы туралы қол қою арқылы).




4.8. Төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қойған апелляциялық комиссияның хаттамалары апелляцияға берілген өтініштермен бірге қабылдау комиссиясына өткізіледі.

4.9. Апелляциялық комиссияның жұмысы аяқталғаннан кейін емтихандық жұмыстар қарау үшін берілмейді және қойылған бағалар бойынша наразылықтар қабылданбайды.

4.10. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Нормативтік база

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
2. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың» үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы;
3. «Мамандандырылған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі № 289 бұйрығы;
4. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы
5. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ Жарғысы.

Әзірлеуші:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1.	Мусрепова Меруерт Сейсеновна	Дректордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	
Келісілді:			
№	Қызметкердің аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1.	Кошкарбаева Алия Рахымжановна	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің төрайымы	
2.	Болсамбеков Нияз Абдыкадырович	Мектеп-интернаттың заңгері	
3.	Юсупова Светлана Омаровна	Дректордың музыкалық жұмыс жөніндегі орынбасары	